

АТЫ-ЖӨНІ: .....  
СЫНЫБЫ: .....

Барлығы 100 ұпай, уақыты 60 минут

**I. Дұрыс жауапты таңдау** (Әр тапсырма үшін берілген төрт жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). (4 ұпай  $\times$  7 = 28 ұпай)

1. Өрнектің мәнін есептеңіз.

$$56 + (14 \cdot 14 + 9 \cdot 14) : 14$$

A. 68                      B. 71                      C. 76                      D. 79

2. Теңдеудің түбірін табыңыз.

$$(7x + 5) \cdot 9 = 360$$

A. 5                      B. 6                      C. 7                      D. 8

3. Ұзындығы 10 дм, ені 4 см болатын тіктөртбұрыштың периметрі неше см-ге тең?

A. 14                      B. 28                      C. 208                      D. 280

4.  $2020 < x < 2024$  теңсіздігі дұрыс болатындай  $x$  – тің орнына қоюға болатын барлық натурал санның қосындысы нешеге тең?

A. 6066                      B. 8086                      C. 8090                      D. 10110

5. Арақашықтығы 600 км болатын екі қаладан бір мезетте бір бағытта екі пойыз шықты. Біріншісінің жылдамдығы 80 км/сағ, екіншісінікі 40 км/сағ. Бірінші пойыз екіншісін неше сағаттан соң қуып жетеді?

A. 5                      B. 10                      C. 15                      D. 20

6.  $q = 33$ ,  $s = 17$  болғанда  $41s + 17 \cdot 9 + 50q$  өрнегінің мәнін табыңыз.

A. 2000                      B. 2024                      C. 2218                      D. 2500

7. Қиял ғажайып әлеміндегі мектепте бірінші сабақ 8:30-да басталады. Төртінші сабақ 11:34-те бітеді. Әр сабақ арасындағы қоңырау 4 минут болатын болса, сабақтың ұзақтығы неше минут?

A. 42                      B. 43                      C. 44                      D. 45

**II. Дұрыс жауапты таңдау** (Әр тапсырма үшін берілген бес жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). (5 ұпай  $\times$  6 = 30 ұпай)

1. Өрнектің мәнін есептеңіз:  $49749 : 7 + 120 - 12 \cdot 9$

A. 726                      B. 729                      C. 7116                      D. 7117                      E. 7119

2. Өсу ретімен орналасқан қатарды белгілеңіз.

A. 15 кг, 12004 г, 1 ц  
B. 10000 г, 1000 кг, 1 т  
C. 3683 м, 400 дм, 4 км  
D. 1 сағ, 72 минут, 3000 сек  
E. 120 см, 1200 дм, 13000 м

3. Мирас 8 жаста болғанда, Қайрат 12 жаста болды. Қайрат 15 жаста болғанда, Самат 17 жаста болды. Мирас неше жаста болғанда, Самат 15 жаста болады?

- A. 9                      B. 10                      C. 11                      D. 12                      E. 13

4. 7112 санынан нешені азайтқанда, оның тек жүздік разрядтағы цифры ғана өзгермейді?

- A. 1000                      B. 1190                      C. 2024                      D. 2101                      E. 2918

5. Жаңа спортзал 2-ші наурыз, сәрсенбі күні алғаш рет ашылды. Егер ол апта сайын тек дүйсенбіден жұмаға дейін жұмыс істесе, онда оның 21-ші жұмыс күні қай күнге сәйкес келеді?

- A. 27 наурыз                      B. 28 наурыз                      C. 29 наурыз                      D. 30 наурыз                      E. 31 наурыз

6. Төмендегі тізбекте үшінші мүшеден бастап, әрбір келесі мүше алдыңғы екі мүшенің көбейтіндісінің соңғы цифрына тең. Осы тізбектің 2024-ші мүшесін табыңыз.

7, 3, 1, 3, 3, 9, 7, ..

- A. 1                      B. 3                      C. 5                      D. 7                      E. 9

III. Бос орынды толтыру (Әр тапсырма үшін қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек). (6 ұпай  $\times$  7 = 42 ұпай)

1.  $400510 \text{ см}^2 = X \text{ м}^2 Y \text{ дм}^2 Z \text{ см}^2$  болса,  $X + Y + Z$  қосындысының мәнін табыңыз.  $X + Y + Z = [ \quad ]$

2. Төмендегі теңдеудің түбірін табыңыз.  $x = [ \quad ]$

$$21 + 22 + 23 + 24 + 25 + 26 + 27 + 28 + 29 + x = 50 \cdot 6$$

3. Электрондық сағатта 10 : 49 : 10 көрсетілді. Кем дегенде неше секундтан кейін сағат тақтасындағы алты цифрдың бесеуі бірдей болады? [  $\quad$  ]



4. 2, 3, 4, 7 цифрлары арқылы цифрлары қайталанбайтын неше үш таңбалы сан құрастыруға болады? [  $\quad$  ]

5. Мұғалім сыныпқа бірнеше парақ алып келді. Мұғалім алып келген парақтарын әр оқушыға үлестіріп берді. Егер 3 парақтан берсе, 26 парақ артық қалады, ал егер 8 парақтан берсе, 6 парақ артық қалады. Мұғалімде қанша парақ бар? [  $\quad$  ]

6. Цифрларының көбейтіндісі 16-ға тең болатын ең кіші үш таңбалы сан нешеге тең? [  $\quad$  ]

7. Төмендегі сандар тізбегі берілген. Осы тізбектің артық мүшесін табыңыз. [  $\quad$  ]

3; 5; 7; 9; 11; 13; 17; 19; ...